





Жоғары мектеп: Халықаралық әріптестік

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Arizona State University арасында білім саласы бойынша стратегиялық әріптестік орнады. Осы мақсатқа орай халықаралық әріптестікті дамыту және отандық жоғары білімді жаһандық академиялық кеңістікке интеграциялау аясында Ғылым және жоғары білім министрі, АҚШ-тың Arizona State University және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Келісім стратегиялық академиялық әріптестікті нығайтуға, елімізге әлемдік деңгейдегі білім беру бағдарламаларын енгізуге, бірлескен ғылыми зерттеулерді дамытуға және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейтуге бағытталған.

Әнуар ЖҰМАШБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Құжатқа қол қою рәсімі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Америка Құрама Штаттарына барған ресми сапары барысында өтті. Осылайша, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры Дархан Ахмед-Заки мен Arizona State University жаһандық академиялық бастамалар жөніндегі вице-президенті Джулия Розен әріптестік келісімге қол жеткізді.

Бұл келісім еліміз үшін төмендегідей мүмкіндіктер береді. Біріншіден, халықаралық қос диплом бағдарламасы (3+1 форматы) аясында студенттер 3 жыл Қазақстанда және 1 жыл АҚШ-тағы Arizona State University-де оқиды. Бағдарлама аяқталған соң студенттер М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Arizona State University-дің «Компьютерлік ғылымдар / Информатика» мамандығы бойынша екі диплом алып шығады. Екіншіден, Қазақстанда алғаш рет АҚШ-тың ASU

бағдарламасын іске қосамыз. Біздің студенттер елде жүріп-ақ әлемдік деңгейде білім алады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан білім саласындағы әріптестік байланыстар келешекте өзінің үлкен жемісін берері сөзсіз. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған шетелдік университеттер филиалдарын ашу жұмыстары ауқымды стратегиялық мақсатқа негізделген. Ол бірінші кезекте әлемнің ең дамыған білім жүйесінің қатарына қосылу. Сол арқылы кейін білікті де тәжірибелі әрі жоғары кәсіби мамандар даярлау. Ел Президенті Жолдауда айтып өткендей алдына биік мақсаттар қойып отыр. Соның бірі – экономикасы дамыған әлемдегі озық мемлекеттердің көпшіне ену. Осы жоспарды іске асыру үшін Мемлекет басшысы нақты жоспарлар мен міндеттер белгіледі. Оның ішінде отандық еңбек нарығын кәсіби мамандармен толықтыру бар. Өз кезегінде біз университет еліміздің оңтүстік айма сапалы техникалық кадрмен қамтама етуде үлкен рөл атқарады. Әсіресе елі

М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Дархан Ахмед-Заки.

Өз кезегінде ASU проректорының кеңсесі жанындағы жаһандық академиялық бастамалар жөніндегі вице-президент Джулия Розен Arizona State University Қазақстанмен ынтымақтастықтың жаңа кезеңін бастағанына қуанышты екенін жеткізді. Ол сондай-ақ ортақ білім беру бағдарламалары, зерттеу және академиялық ұтқырлық АҚШ пен Орталық Азия арасындағы «алтын көпірге» айналып, студенттер мен оқытушыларға нақты мүмкіндіктер ашатынына сенім білдірді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мен Аризона штаты университеттері келісімді кезең-кезең бойынша халықаралық серіктестермен бірлесіп жүргізуге уағдаласты.

Жалпы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен «Қазақстан – академиялық білім аймағы» стратегиялық серіктестер форумында білім саласындағы халықаралық әріптестікті кеңейтудегі мақсат қазіргі заманның технологиялық жетістігі – жасанды интеллект, цифрлық жүйе секілді жаңашылдықтарды меңгеріп, өз елімізде жан-жақты дамыту екенін айтқан болатын.

«Қазақстан технологиясы озық ел болуға нық қадам басты. Бұл – біздің жаңа ұлттық болмысымыздың аса маңызды бөлігі деп айтсақ, қате болмайды. Бүгін спикерлер жасанды интеллектің жаһандық ортақ прогресті өрсе сүйрейтін жаңа қозғаушы күш ретіндегі рөліне баса мән берді. Шын мәнінде, осы бірегей технологияның

Шетел университеттерінің филиалын ашу инженерлік және IT білімді дамыту мақсатымызға толық сай келеді», деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде IT саласын игеруде көптеген жетістікке қол жеткізді. Мәселен, аталған оқу орнының әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, басқарма мүшесі Ғани Бесбаевтың айтуынша, университетте «AI-Sana» жобасы қолға алынып, соның аясында көптеген жұмыс атқарылды. Бұл жоба білім беру, ғылыми зерттеу және стартап-кәсіпкерлікті жасанды интеллект технологиялары арқылы біріктіреді. Бағдарлама бірнеше кезеңді қамтиды. Онда базалық дағдылардан бастап, стартаптар құруға дейінгі мүмкіндіктер қарастырылған. Жоба салалық міндеттерді орындауға, сондай-ақ аграрлық, энергетикалық және инженерлік бағыттардағы нақты проблемаларды ЖИ көмегімен шешуге арналған.

Сонымен қатар университеттің инновациялық жобалар орталығы жасанды интеллекті білім үдерісіне енгізу жұмыстарын жалғастырып жатыр. Электрондық кітапханаға интеллектуалды іздеу жүйесі, смарт-кампус элементтері және студенттердің үлгерімін болжауға арналған аналитикалық модельдер әзірлену үстінде.

Осылайша, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті өмірлік деңгейде ғана емес, республика бойынша да жасанды интеллект мамандарын даярдауда маңызды орынға ие болып отыр. Мұндағы басты мақсат – заманауи технологияларды меңгерген, еңбек нарығында

Осы ретте М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінде еңбек нарығының сұранысына сәйкес жаңа мамандықтар пайда болды. Атап айтқанда, 2025–2026 оқу жылында тігінші, техникалық және көркемдік эскиздерді орындаушы, аспаз сияқты жұмысшы мамандықтар бойынша талапкерлер қабылданды. Сонымен қатар колледж және жұмыс беруші кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты күшейту мақсатында жұмыс берушілердің тапсырыс саны ұлғайтылды. Колледжде дуалды оқыту жүйесі де кеңінен енгізілген. 2025–2026 оқу жылында колледжде 78 кәсіпорын және 381 студентпен үшжақты келісімшарт жасалды. Бұл жүйе студенттердің нақты өндіріс саласында тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің колледжі алдағы уақытта халықаралық салалық аккредиттеуден өтуді, жұмыс берушілердің тапсырысы негізінде мамандар даярлауды ұлғайтуды және қолданбалы бакалавриат бойынша жаңа мамандықтар ашуды жоспарлап отыр.

«Хакім Абай өз сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген болатын. Сондықтан біз ұлылар қалдырған аманатқа адалдық танытып, өркениет пен ғылымды ұштастырған ел болуымыз керек. Университет бүгінгі еңбек нарығына сай мамандар дайындайтын ұстахана. Жаңа технологиялар мен соған сәйкес пайда болған жаңа мамандықтар қазіргі еңбек нарығының сұранысын қалыптастырады. Бұл күнде IT саласын жасанды интеллекті менігерген мамандар алға шығып келеді. Жалпы, келешекте цифрлық технологияның арқасында көптеген мамандық жойылуы мүмкін. Қазірдің өзінде роботтар кәсіпорындарда біраз жұмысшыларды қызметінен ығыстырды. Жылдан-жылға цифрлық технология жетіліп келеді. Көптеген сала роботтандырылып, автоматтандырылып жатыр. Әдеттегі мамандықтардың орнын цифрлық жүйе алмастыруға көшті. Негізінде жасанды интеллектің ғылыми техникалық революцияның бір кезеңі десек болады. Ендігі кезекте Қазақстанның жоғары оқу орындары жаңа сұранысқа сай мамандар даярлауға дайын болу керек. Бірінші кезекте мұндай технологияны білетін, шәкірттерге үйрете алатын университеттің өзінің біліктілігі жоғары болуға тиіс. Сондықтан Президент бастамасымен іске асып жатқан білім саласындағы халықаралық әріптестіктің маңызы өте жоғары. Ең бастысы, ғылым саласындағы

Қазақстанда алғаш рет АҚШ-тың ASU моделіне негізделген жоғары жетістік студенттерге арналған колледж ашылды. Колледж аясында зерттеу жобалары мен көпбаспылық дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар жүзеге асады. Сондай-ақ бағдарлама шеңберінде мемлекеттік қолдау мен тиісті шәкіртақы қарастырылған. Үшіншіден, ғылыми әріптестік пен технологияларды дамыту көзделеді. Бұл ретте тараптар цифрлық білім беру, инжиниринг, менеджмент, экология және жасанды интеллект салаларында бірлескен зерттеулер жүргізуге, оқытушылардың тағылымдамасы мен тәжірибе алмасуы жайында келісті.

«ASU университетімен келісімге қол қою – біздің университетіміз бен Қазақстанның жоғары білім жүйесіндегі тарихи оқиға болып саналады. Біз америкалық білім стандарттарын енгізіп, «Honors College» және 3+1 қос диплом

етуде үлкен рөл атқарады. Әсіресе елмен бірге дамып келе жатқан республиканың үшінші мегаполисіндегі кәсіпорындарға қажетті мамандар даярлау – біздің оқу орнының еншісіндегі маңызды міндет. Қазірдің өзінде жергілікті өндіріс орындарымен университет арасында студенттердің оқу-тәжірибе алмасуы бойынша келісімдер жүзеге асып келеді. Соның аясында студенттер аудиторияда алған білімдерін зауыт-фабрикаларда тәжірибе жүзінде шыңдап оқу бітіргенше нағыз білікті кадр болып даярланып шығады. Бұған Шымкент қаласының әкімдігі үлкен қолдау білдіріп отыр. Ендігі кезекте шетелдің озық дамыған оқу бағдарламасы еліміздің білім жүйесі шеңберінде іске асып, дипломы кез келген елде мойындалатын мықты мамандар даярланады. Бұл стратегиялық қадам Президент бастамасы мен тапсырмасының орындалып жатқанын көрсетеді», деді

Шың мәнінде, осы бірегей технологияның арқасында адамзат алға қарай қарынғы қадам жасай алады. 2030 жылға қарай ЖИ әлемдік ДЖӨ көлемін 15 триллион доллардан аса ұлғайтады деп болжанып отыр. Бірақ жасанды интеллектінің дамуынан ең көп пайданы қай ел көреді? Бұл – өте қызықты сауал. Оны терең зерделеп, сараптау қажет. Жауабы аса қиын көрінбегенімен, бұл мәселе адамзат келешегімен тікелей байланысты екенін мойындауымыз керек. Қазақстанда жасанды интеллектіні дамыту және басқа салалармен жан-жақты интеграциялау ең жоғары стратегиялық басымдық саналады. Қазақстан жаһандық білім нарығының бір бөлігіне айналуы көздеп отыр. Сондықтан алдымызға күрделі, алайда аса маңызды мақсат қойдық. Оған жету үшін әлемнің 40 жетекші университетімен серіктестік орнатылып, елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының 33 филиалы ашылды.

логияларды меңгерген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау және сол арқылы еліміздегі цифрлық трансформацияға үлес қосу.

Биыл Жұмысшы мамандықтары жылы. Ол – Президенттің тапсырмасымен елімізде жүргізіліп жатқан жұмысшы мамандықтарды қолдау саясатының нәтижесінде іске асып отыр. Мемлекет басшысы бұл туралы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтып өткен болатын. «Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жарияладым. Қазір елімізде мыңдаған жұмыс орны бостыр. Түрлі салада, тіпті, жалақысы едәуір жоғары жұмыс орындары бар. Бұл орындарды шетелден келіп жатқан адамдар толтыруда. Жыл сайын мыңдаған инженер, құрылысшы және ауыл шаруашылығы маманы оқуын бітіріп шығады. Оларға білім беру үшін мемлекет қомақты қаражат бөліп жатыр», деген еді Президент.

жоғары. Ең бастысы, ғылым саласындағы әлемдік бәсекелестікте біздің еліміз көштің соңында қалмауы тиіс. Дүние жүзінің ең озық университеттерінің филиалын ашу соған ұмтылудың бір көрінісі. Білім саласына салынған инвестиция ең тиімді инвестиция. Өйткені сол арқылы еліміздің сапалы ұлттық кадры қалыптасады. Экономиканы өрге сүйрейтін нағыз күш солар. Көп жағдайда мемлекеттің байлығы адами потенциалымен өлшенеді. Ел байлықтарын игеріп, инновациялық өнім шығарып, сапалы сервистік қызмет көрсететін сол кәсіби мамандар. Бұл ретте жоғары оқу орындарының міндеті – сондай білікті шеберлерді даярлау. Міне, осы мақсатқа орай бүгінгі таңда мемлекет білім саласына қатты көңіл бөліп жатыр. Озық технологияны іске асыратын мамандар. Ал сол кәсіп иелерін даярлайтын университет. Ендеше, жоғары оқу орындары бүгінгі заман талаптарына сай өзгеруге тиіс», деді F.Бесбаев.